

**Қазақстан халқы Ассамблеясы Жылына арналған
Қазақстан халқы Ассамблеясының мерейтойлық эмблемасына
конкурстың ережесі**

Ел бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайтып, Қазақстан халқының ұлттық бірлігін қамтамасыз етудегі Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін арттыру мақсатында, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылдың 29 тамызындағы № 901 Жарлығымен, 2015 жыл Қазақстан халқы Ассамблеясының Жылы болып жарияланды. Мерейтойлық эмблема мерейтойдың көркемдік бейнесіне айналып, Қазақстан халқы Ассамблеясының жалпы халықтық шартты белгісі болады.

1. Жалпы ережелер

1.1. Ассамблея Жылына арналған Қазақстан халқы Ассамблеясының мерейтойлық эмблемасы жасауға байланысты конкурсты, Қазақстан халқы Ассамблеясының Қоғамдық қоры, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында өткізеді.

1.2. Конкурсқа қатысуға суретшілер, дизайнерлер, шығармашылық қайраткерлер одақтары, қоғамдық бірлестіктер және өзге де мүдделі заңды және жеке тұлғалар жасын шектеусіз шақырылады (әрі қарай – конкурсқа қатысушылар).

1.3. Конкурс мақсаты – ҚХА шараларын ҚР Президентінің бейбітшілік және келісім саясаты идеясы, Қазақстанда дүниеге келген этносаралық және конфессияаралық толеранттылық, қоғамдық келісім, ұлттық бірлік, тұрақтылық үлгісі көрініс табатын мерекелік айшықты белгілермен безендіруді қамтамасыз ету. Бұл айшықты белгі Тәуелсіздік пен теңдіктің, әр азаматтың бейбітшілік пен келісім ұстанымдарына қатыстылығының ортақ құндылықтарын танытып тұруы тиіс.

2. Жобаларға қойылатын талап

2.1. Конкурсқа қалаларды, сахналық алаңдарды, спорттық нысандарды, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарды, кәсіпорындарды, көшелер мен алаңдарды, көлік құралдарын мерекелік безендіруде қолдануға болатын (плакаттар мен планшеттер, баннерлер мен керіп ілетін плакаттар, стендтер, сәулеттік-көркемдік композициялар және т.б.), кәдесый өнімдерін жасауға жарайтын (вымпелдер, байрақшалар, күнтізбелер, қоржындар, пакеттер, жейдешелер, бас киімдер, ашық хаттар, фотоальбомдар, қаламсаптар, қыш өнімдері, медальдар, кубоктар, ойыншықтар және т.б.), Ассамблея жылына арналған Қазақстан халқы Ассамблеясының мерейтойлық эмблемасының үлгілері (әрі қарай – үлгілер) ұсынылуы тиіс.

2.2. Конкурсқа ұсынылған жобалар келесі талаптарға сай келуі тиіс:

үлгі мазмұны – міндетті қолдану керек: «Қазақстан халқы Ассамблеясына – 20 жыл», Н.Ә.Назарбаевтың бейбітшілік және келісім идеясының көрініс табуы;

техникалық орындау – композициялық тұтастық және дизайнның анықтығы, шығармашылық көзқарас, бірегейлік, теңдессіздік және салтанаттық паш ету.

2.3. Мерейтойлық танымбелгі жобасына келесі құжаттар қоса берілуі тиіс:

- конкурсқа қатысушының белгілі бір сипаттағы сауалнамасы (осы ережеге қосымша);
- мерейтойлық танымбелгінің түсті нұсқасы электрондық түрде;
- мерейтойлық танымбелгінің түсті нұсқасы А4 сипатындағы қағаз жүзінде;
- танымбелгінің негізгі идеясын ұғындыратын түсіндірме жазба.

3. Конкурсты өткізу тәртібі мен жағдайы

3.1. Конкурсқа қатысушылар бір немесе бірнеше құжат жиынтығын (үшеуден аспауы керек) ұсынуға құқылы.

3.2. Конкурсқа келіп түсетін құжаттар 01.10.2014-01.11. 2014 жыл аралығы қабылданып, «Қазақстан халқы Ассамблеясының Қоры» ҚҚ-да тіркеледі: Астана қ., Иманбаева көш., 8-үй, ВП-25, байланыс телефондары: 8 (7172) 48-63-19. Сондай-ақ, конкурс құжаттары электрондық түрде мына электрондық поштаға қабылданады: ankfond@mail.ru.

3.3. Конкурсты қорытындылауды Конкурс комиссиясы жүргізеді.

3.4. Конкурс комиссиясы 01.10.2014-01.11. 2014 жыл аралығы қорытындылау жүргізіп, жеңімпазды анықтайды. Конкурс комиссиясының отырысы хаттамамен рәсімделеді.

3.5. Конкурс жеңімпаздарын анықтау Конкурс комиссиясы мүшелерінің дауыс беруі арқылы жүргізіледі. Жеңімпаз жайлы шешім дауыс берудің басым саны арқылы анықталады. Дауыс беру тең түскен жағдайда, шешуші дауысты пайдалану құқығы Конкурс комиссиясының төрағасына беріледі.

Жеңімпазды анықтау кезінде есепке алынады:

- материалдың конкурстың жарияланған мақсаттарына сәйкестігі;
- ұсынылған жұмыстың жаңашылдығы, бірегейлігі және сапалы орындалуы;
- тәжірибе жүзінде қолдану мүмкіндігі.

3.6. Конкурс жеңімпазына Қазақстан халқы Ассамблеясының шарасындағы салтанатты жағдайда Сертификат пен 300 000 теңге мөлшерінде ақшалай сыйақы табысталады.

3.7. Ақшалай сыйақымен марапаттау, шараны өткізуге бөлінген мақсатты қаржы есебінен жүргізіледі.

3.8. Конкурсқа қатысушы, конкурсқа ұсынылған жұмыс үшінші жақтың авторлық және мүліктік құқығын бұзбайтынына кепілдік береді және «Қазақстан халқы Ассамблеясының Қоры» ҚҚ-на өзі конкурсқа ұсынған барлық жұмыс бойынша авторлық құқықтарды тапсырады.

3.9. Конкурс комиссиясы тарапына жіберілген жұмыстар, конкурсқа қатысушы ашық конкурс жайлы Ережемен танысқанын және оны өткізудің тәртібі мен жағдайына келісетінін растайды.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімі бар материалды келесі электрондық поштаға жолдаңыздар: ankfond@mail.ru.

1. Конкурса қатысушы жеке тұлғаның сауалнамасы:

Қазақстан халқы Ассамблеясының Жылына арналған Қазақстан халқы
Ассамблеясының мерейтойлық эмблемасы бойынша конкурса қатысу

САУАЛНАМАСЫ

1. Тегі, аты, әкесінің аты

2. Туған күні мен айы, жылы

3. Жұмыс (оқу) орны, қызметі

4. Пошталық мекенжайы, байланыс телефоны

5. Жоба атауы

Қолы _____ Қолды тарқату _____
Уақыты _____

2. Конкурса қатысушы шығармашылық ұжымның, заңды тұлғаның

Қазақстан халқы Ассамблеясының Жылына арналған Қазақстан халқы
Ассамблеясының мерейтойлық эмблемасы бойынша конкурса қатысу

САУАЛНАМАСЫ

1. Шығармашылық ұжымның, заңды тұлғаның атауы

2. Шығармашылық ұжым, заңды тұлға жетекшісінің тегі, аты, әкесінің аты,
қызметі

3. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу жайлы куәліктің уақыты мен нөмірі

4. Жоба басшысының тегі, аты, әкесінің аты, қызметі

5. Жоба атауы

6. Пошталық мекенжайы, байланыс телефоны

Шығармашылық ұжым/заңды тұлға жетекшісі
Қолы _____ Қолды тарқату _____
Уақыты _____